

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



**Бас редактор:**

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*

*Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*

*Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Раушан Жәліқызы

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссиссипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**

Раушан Жәліқызы

**Технический секретарь:**

Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Raushan Zhalikyzy

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2022\\_31\\_3\\_112-125](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_112-125)

FTAMP 03.20.00

## ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ БЕЙНЕ ЖӘНЕ НАРРАТИВ СЕМИОЗИСІ: ЖОҒАЛҒАН АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ ІЗДЕСТІРУ БАРЫСЫНДА

И.В. Крупко \* 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы.

\*Автор-корреспондент

E-mail: [tengri95hismatulin@mail.ru](mailto:tengri95hismatulin@mail.ru) (Крупко).

**Андатпа.** Мақалада Қазақстан қоғамының тарихи жадындағы ең танымал орындардың бірі – Отырар кітапханасының бейнесі зерттелді. Біз бұл бейненің шежіресін және оның тарихи жадының анықталған 4 нарративінде: академиялық (ғылыми), медиалық (public history, көркем әдебиет, БАҚ), фольклорлық және ресми (мемлекеттік) берілетін көрінісін қадағаладық. Сондай-ақ, бұл бейненің XX ғасырдың екінші жартысынан бастап танымал болу себептері мен 1958-1964 жылдардағы кеңестік ұлт құрылысы мен дінге қарсы науқан процесінде қазақтардың тарихи субъектілігін қайта жаңғыртудағы ғылыми және шығармашылық интеллигенцияның рөлі зерттелді, сол кезде автохтонизм және «прогрессивтік халық дәстүрлері үшін күрес» тұжырымдамасы аясында Орталық Азиядағы ортағасырлық ескерткіштердің мәдени мұрасын сақтау мақсатында, жергілікті элиталар археологиялық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандырды. Осы кезеңде ортағасырлық қала мәдениетінің бейнесі қазақстандық қоғамның тарихи жадында Алтын ғасырдың хронотопы ретінде қалыптаса бастайды. Дәл сол жерде Ұлы Жібек жолы, дамыған қалалық мәдениет, Отырардың ұлы және қайғылы беттері болан, әлемнің екінші ұстазы – Әл-Фараби өмір сүрген, оның өмірбаянының жандануы көбінесе Отырарға деген қызығушылықты жандандырып және тарихи жадта Отырар кітапханасы бейнесінің пайда болуына әсер етті. Онда урбанизация заманауи проблема болудан қалып, мәдени мұраға айналады. Мақала аясында 1950-1960 жылдардағы Қазақ ұлттық зиялыларының отырықшыландырылған көшпелі мәдениетінің «тарихтан тыс» мәдени жарақатын қалыптастыру және еңсеру тетіктері зерделенді. Отырар кітапханасы тарихи жадының орны ретінде осы нарративтерде «жоғалған ағартушылықтың» дәлелінің рөлін атқарады.

**Түйін сөздер:** Отырар кітапханасы; Қазақстан тарихы; тарихи естелік; нарратив; тарихи субъективтілік; тарихи білім.

MPHTI 03.20.00

## СЕМИОЗИС ОБРАЗА И НАРРАТИВА ОТРАРСКОЙ БИБЛИОТЕКИ: В ПОИСКАХ УТРАЧЕННОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ

И.В. Крупко \*

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, Алматы.

\*Корреспондирующий автор

E-mail: [tengri95hismatulin@mail.ru](mailto:tengri95hismatulin@mail.ru) (Крупко).

**Аннотация.** В статье исследован образ Отрарской библиотеки – одного из самых известных мест исторической памяти казахстанского общества. Нами прослежена генеалогия этого образа и его отражение в 4 выявленных нарративах исторической памяти: академическом (научном), медийном (public history, художественная литература, СМИ), фольклорном и официальном (государственном). Изучены причины популярности этого образа, начиная со второй

половины XX века и роль научной и творческой интеллигенции в переизобретении исторической субъектности казахов в процессе советского нацистроительства и антирелигиозной кампании 1958-1964 гг., когда с целью сохранения культурного наследия средневековых памятников Центральной Азии в рамках концепции автохтонизма и «борьбы за прогрессивные народные традиции» местными элитами активизировалось археологическое исследование, рецепция и освоение этого наследия, выведенное из-под классификации «религиозное» под определение «народное». В этот период образ средневековой городской культуры начинает формироваться в качестве хронотопа золотого века в исторической памяти казахстанского общества. Именно там находится Великий Шелковый путь, развитая городская культура, великие и трагические страницы Отра, второй учитель мира – Аль-Фараби, актуализация биографии которого во многом возродила интерес к Отрару и повлияла на возникновение в исторической памяти образа Отрарской библиотеки. В рамках статьи исследованы механизмы формирования и преодоления культурной травмы «внеисторичности» седентаризованной кочевой культуры казахской национальной интеллигенцией 1950-1960-х гг. Отрарская библиотека как место исторической памяти играет в этих нарративах роль аргумента «утраченного просвещения».

**Ключевые слова:** Отрарская библиотека; история Казахстана; историческая память; нарратив; историческая субъектность; историческое образование.

IRSTI 03.20.00

## SEMIOSIS OF THE IMAGE AND NARRATIVE OF THE OTRAR LIBRARY: IN SEARCH OF THE LOST ENLIGHTENMENT

I.V. Krupko\*

Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty.

\* Corresponding author

E-mail: [tengri95hismatulin@mail.ru](mailto:tengri95hismatulin@mail.ru) (Krupko).

**Abstract.** The article explores the image of the Otrar library – one of the most famous places of historical memory of the Kazakh society. We traced the genealogy of this image and its reflection in 4 identified narratives of historical memory: academic (scientific), media (public history, fiction, media), folklore and official (state). The reasons for the popularity of this image, starting from the second half of the twentieth century, and the role of the scientific and creative intelligentsia in the reinvention of the historical subjectivity of the Kazakhs in the process of Soviet nation-building and the anti-religious campaign of 1958-1964, when in order to preserve the cultural heritage of medieval monuments of Central Asia within the framework of the concept autochthonism and “the struggle for progressive folk traditions”, local elites intensified archaeological research, reception and development of this heritage, derived from the classification of “religious” to the definition of “folk”. During this period, the image of medieval urban culture begins to form as a chronotope of the golden age in the historical memory of Kazakhstan society. It is there that the Great Silk Road is located, a developed urban culture, the great and tragic pages of Otrar, the Second Teacher of the world - Al-Farabi, the actualization of whose biography largely revived interest in Otrar and influenced the emergence of the image of the Otrar library in the historical memory. There, urbanization ceases to be a modern problem and becomes a cultural heritage. Within the framework of the article, the mechanisms of formation and overcoming of the cultural trauma of "non-historicity" of the sedentarized nomadic culture by the Kazakh national intelligentsia of the 1950s-1960s were studied. The Otrar library, as a place of historical memory, plays the role of the argument of the “lost enlightenment” in these narratives.

**Key words:** Otrar library; history of Kazakhstan; historical memory; narrative; historical agency; historical education.

**Кіріспе.** Әрбір халықтың мәдени және тарихи жадында тарих ғылымы деп аталатын, осы мәдениеттің көптеген өкілдеріне белгілі және тарихи субъективтілік пен ұлттық бірегейліктің нышаны ретінде қалыптасқан құбылыс бар – тарихшы Марк Блоктың сөзімен айтқанда, «адамдардың ғасырлар бойы кездесуі» орын алады. Есте сақтау орындарында әрдайым белгілі бір материалдық көрініс бола бермейді: олар символдық фигуралар, тарихи оқиғалар, нақты немесе қиялдағы мәтіндер, заттар, ғимараттар, әндер немесе символдық баяндаумен қоршалған географиялық локустар болуы мүмкін. Олардың негізгі қызметі – қоғамның өзі туралы және оның тарихы туралы әңгімелері мен бейнелерін жаңғырту. Отырар кітапханасы қазақ қоғамы үшін, тарихнамада алғаш рет осы дәрежеде зерттелген, тарихи жадының классикалық орны болып табылады. Отырар кітапханасының бейнесін Қазақстан қоғамының тарихи жадында зерттеу осы есте сақтау орнының 4 нарративін (деңгейін): академиялық, фольклорлық, медиалық (public) және ресми (мемлекеттік) анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ Отырар кітапханасының аталған нарративтерін зерттеу Қазақстан қоғамының тарихи жадындағы көшпенді мен отырықшылықтың арақатынасы проблемасын және осы жерде мәдени жаракаттың болуын ұғынуға мүмкіндік берді. Осы мәдени жаракатты қалыптастырған факторларға мыналар жатады: 1) күштеп ұжымдастыру және отырықшыландыру нәтижесінде көшпелі мәдениеттің үзілуі; 2) көшпелі мәдениетті регрессивті деп сипаттаудың тарихнамалық дәстүрі, XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы Қазақ ұлттық интеллигенциясының осы құрбандыққа толы тарихнамалық дәстүрді қабылдауы. Осы жаракатты еңсеру тәсілі Орталық Азияның ортағасырлық қалалық мәдениетінің мәдени мұрасын қабылдау болды, осы жылдары Қазақстанда белсенді археологиялық зерттеу және қайта ойлап табылған тарихи субъектілікті дүниежүзілік өркениет тарихына енгізу болды, оның маңызды дәлелі тарихи жадыда Отырар кітапханасында жүзеге асырылған «жоғалған ағартушылық» бейнесінің болуы болды.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** «Есте сақтау орны» (фр. lieu de mémoire) - XX ғасырдың 80-жылдарының басында француз ғалымы Пьер Нора енгізген ұғым. Ол уақыт өте келе және халықтың қалауы бойынша қауымның ұлттық жады мұрасының символдық элементіне айналған ақыл мен материалдың бірлігін бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, объектіні (біздің жағдайда Отырар кітапханасы) «қабылдау» заңдылықтары мен тарихын зерделеу, түсіну оның «болмысын» білумен бірдей. Өйткені бұл ретте Қазақстан қоғамының тарихи жады саласында кітапхананың бар екендігін айтып, оны есте сақтау орны ретінде жіктеуге болады.

Зерттеу барысында әдістер мен memory studies концептуалды оптикасы қолданды. Мақалада көптеген мұрағаттық және Ғылым Академиясы мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының кітапханаларында ашық қолжетімді археологиялық есептер, мақалалар, XX-XXI ғғ. монографиялары, көптеген фильмдер, сұхбаттар, медиалық контент пайдаланылды. Сондай-ақ, материалдың бір бөлігі зерттеліп жатқан оқиғалардың кейбір қатысушыларымен сұхбат арқылы жиналды.

**Талқылау.** Ілеспе әңгімелік сюжеті бар Отырар кітапханасының бейнесі тарихи дереккөздердің дәлелді базасын талап етпейтін бәріне белгілі имманентті дерек ретінде бар – қайталама фольклоризацияның нәтижесі, бейнені тексеру қажеттілігінен айырады және оны себеп-салдарлық байланыстар тізбегінен босатады, мәдени есте сақтаудың бастапқы қасиетті білімі ролінде өмір сүреді. Отырар қалашығын алдымен, XIX ғасырдың соңынан бастап жекелеген ғалымдар, содан кейін, 1969 жылдан бастап, Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы зерттеген болса да, Отырар кітапханасының қазақстандық немесе шетелдік тарихнамадағы тарихи естелік саласындағы өмір сүру проблемасы 2010 жылғы «Отырар кітапханасы – Қазақстандағы тарихи жәдігер» (Гончаров) атты 1 журналистік мақаланы, 1971 жылғы мақаладан осы бейненің генеалогиясын шығаратын арнайы тілшілері Д. Досжанов пен В. Маловтың «Әлем айналасында» журналы «Отырар қорғандары» (Досжанов, Малов, 1971) мақаласын (бұл туралы толығырақ Нәтижелер бөлімінде), А. Бустановтың «Советтік Қазақстандағы Шығыс археологиясы» (Бустанов, 2017: 76) мақаласын және менің 2020 жылы шыққан «Қазақстан тарихнамасының фольклорлық сюжеттері: поэтика мен еске алу саясаты арасында» мақаламды қоспағанда, ешқашан қарастырылмаған, ал, соңғы мақаланың қорытындылары қазіргі уақытта мәселені толығымен көрсетпейді, сондықтан шектеулі деп

танылуы мүмкін, өйткені автор өзінің сол кездегі зерттеуінде тек қайталама фольклоризация мәселесімен және фольклорлық нарративпен ғана шектелді (Крупко, 2020). Енді бізге «миф» анықтамасы сәтті емес және Отырар кітапханасының бейнесі мен нарративтерінде жазылған семиозистің барлық күрделілігін сипаттайтын сияқты. «Есте сақтау орны» (Нора, 1999:17-50) анықтамасы анағұрлым қолайлы болып табылады, оның үстіне, бұл шежіренің хронологиясы 1971 жылдан емес, әлдеқайда ертерек басталады және әмбебап мәселелер мен проблемалардың бірегей тоғысуы, соңғы 100 жылдағы қазақстандық қоғамның мәдени және тарихи жадының макротарихи процестерінің микротарихи жинағы болып табылады. Сондықтан, зерттелген академиялық тарихнаманың өзі Отырар кітапханасы туралы білімді жаңғыртатын, анықталған нарративтердің бірі болып табылатын зерттеу нысаны болғандықтан, бұл бөлімде тарихнама Отырар кітапханасына ғана емес, Қазақстан қоғамының мәдени жадында онсыз кітапхана болмайтынына неіз болатын проблемалық тақырыптарға арналған.

«Қазақтардың көшпелі өркениеті» атты іргелі зерттеуінде Н.Э. Масанов XIX ғасырдың соңына қарай көшпелі мәдениетті империялық қабылдаудың нәтижесін былай деп көрсетеді: «Төңкеріске дейінгі тарихнама көшпелі мал шаруашылығының географиялық шарттылығының бастапқы императивінен олардың табиғатқа теріс әсері және Еуразия мен Солтүстік Африкадағы шөлейттену үшін көшпенділердің жауапкершілігі туралы қорытындыға дейін біртіндеп дамып келді» (Масанов, 1995: 9). Бұл, мысалы, Тураев сияқты отандық шығыстану классиктерінің тұжырымдарымен және Орталық Азия тарихы туралы кітаптарда жиі келтірілген тұжырымдармен расталды (Струве, 1948: 338). Уақыт өте келе, мұндай эпистемология сөзсіз әлеуметтік-саяси әрекеттің формасына ие болады және «көшпенділерді отырықшы өмір салтына тез арада ауыстыру қажеттілігін негіздеуге дейін азаяды» (Масанов, 1995: 9). Алайда, қарама-қарсы пікір де болды, мысалы, ірі шығыстанушы В.В. Радлов: «Далалардың көпшілігі табиғи жағдайларына сәйкес көшпелі өмірге ғана қолайлы, ал егер көшпелілер отырықшы өмірге көшуге мәжбүр болса, бұл регрессияға әкеліп соғатыны сөзсіз» (Масанов, 1995: 9).

XX ғасырда көшпенділерді сипаттаудың маңызды (және кеңестік кеңістік үшін жалғыз) теориялық тіл – марксистік тіл болды. Тарихи прогрестің марксистік теориясында номадизмді түсіндіру, оны өндірістің бес әдісін сызықтық периодизациялаудың телеологиясына енгізу дәл осындай проблемаларға тап болды. Көшпенділердің гомеостазистік «базисі» осы логикада тиісті «құрылымды» ұсынды. «Әлеуметтік эволюция, баламалар және номадизм» жұмысының авторлары номадизмнің диалектикасын марксистік түсіндіруде ұғына отырып, онда: «Номадтар қоғамдық эволюцияда, ең көп дегенде, кеш қарабайыр кезеңге жетті, деген тұжырым жасалды» (Крадин, Бондаренко, 2002: 8).

XX ғасырдың 20-30-шы жылдары орын алған ұжымдастыру көшпенді қазақтарды отырықшыландыру көптен бергі жобаларын іске асырды және қазақ қоғамында әлеуметтік-экономикалық өзгерістерден басқа, атап айтқанда, гуманитарлық салада, маңызды әлеуметтік-мәдени өзгерістерге әкелді. Қазақтарды әлеуметтік-экономикалық отырықшыландырудан кейін өткеннің отырықшылануы басталды. Тарихшы А. Бустанов бұл процесті зерттей отырып, жас республиканың оңтүстігінде бар археологиялық ескерткіштер туралы жинақталған білім негізінде кеңестік зерттеушілер автохтонизм тұжырымдамасы аясында көшпелі мәдениетті Қазақстан тарихының анықтаушы сипаттамасы ретінде қарастыруға болмайды деген идеяны дамытады деп жазды (Масанов, 1995: 38-63). Қалалық және отырықшы өркениет туралы ұғымдарға сүйене отырып, қазақ мәдениетін қайта бағалау Қазақстандағы академиялық жұмыстардың ерекшелігіне айналды. 1950 жылы, алғаш рет, 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін атымен Қазақстан археология институты аталған, Ә. Марғұлан Оңтүстік Қазақстан қалаларының отырықшы тұрғындарының Орталық Қазақстан көшпенділерімен байланысы туралы ой айтты (Марғұлан, 1950). Нақты қалаларға тарихи жадыны құрастыруда берілген артықшылық мемлекет генезисі туралы, көбінесе отырықшы-егіншілік өркениетіне және қалаға тән процесс ретінде, гетерогенді кеңістік ретінде ұғымдармен байланысты. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның ортағасырлық қалаларының даму ареалына айналған маргиналды аймақтарда гетерогенді әлеуметтік топтардың әртүрлі бағыттағы мүдделері кездесіп, жанжалдар мен оларды бейтарап төрешімен шешуге



мүмкіндік беретін қажеттілік туғызды, бұл, өз кезегінде, осы қарама-қайшылықтарды шеше алатын әкімшілік институттар құрды, кейіннен мемлекетке айналды.

Мәдени мұра объектілері ретінде ортағасырлық ескерткіштер туралы нарративті қалыптастырған және тарихи әңгімелерге айтарлықтай әсер еткен тағы бір маңызды себеп, Хрущевтің дінге қарсы науқаны болды – бұл КСРО-да дінге қарсы күрестің шиеленіскен кезеңі еді, оның шыңы 1958-1964 жылдарға келді және осы кезеңде «жылымық» деп аталатын кейбір идеологиялық жеңілдіктер болды, бұл кейбір идеократиялық максималарды сәл жаңартылған мазмұнмен толтыруға мүмкіндік берді. Осы екі процестің аясында 1958 ж. ВЛКСМ-нің XIII съезінде «жаңа салт-дәстүр» үшін күрестің екінші толқыны басталды, бұл республикаларда кеңестік ұлттық құрылыстың жаңа кезеңін күтпеген жерден бастады (Шелепин, 1958), (Бемен, 1958), (Шеварднадзе, 1958). Негізгі идеологиялық хабарлама «прогрессивті» халықтық дәстүрлер үшін күрес болды, ол салт-жораларды, рәсімдерді, қасиетті тәжірибелерді, ежелгі және ортағасырлық археологиялық ескерткіштерді «діни» анықтамасынан шығару және оларды «халықтық» деп жіктеу арқылы кейінгі тарихи баяндауды қалыптастырды.

Осы нарративтегі біздің тақырыбымыз үшін К. Ақышев (Отырар кітапханасының бейнесін жасаудағы рөлі туралы бөлек айтылатын) пен Е. Агееваның 1958 жылғы «Қазақстанның ежелгі ескерткіштері» атты кітабы ең жарқын жұмыс болып табылады. Онда авторлар белгіленген идеологиялық нарративті былайша жеткізеді: «Кітапшаның басты міндеті әлі күнге дейін діни көзқарасы қалыптасқан, халықтың артта қалған бөлігі «қасиетті» орындар ретінде құрметтелетін ортағасырлық ірі кесенелердің (Ахмет Ясауи, Қара хан, Арслан баба, Джош, Қарашаш және т. б.) рөлі мен маңызы туралы тарихи шындықты қалпына келтіру болып табылады, олар - халықтың дінге сенген, артта қалған бөлігі әлі күнге дейін «киелі» жер ретінде қастерлеп, құлшылық етуге баратын, діни жоралғыларды жасайтын жерлер. Олардың құрылысы халықтың қолымен, халықтан шыққан дарынды шеберлердің, жетекшілігімен жүргізілгені белгілі. Сондықтан, бұл ескерткіштер белгілі бір ханның, сұлтанның, бидің кесенелері емес, Ұлттық ескерткіш, халық сәулет ескерткіші болып саналады» (Ақышев, Агеева, 1958: 4). Кітап сол нарративпен аяқталады: «қандай да бір Мазар мен кесененің «киелілігі» туралы деистік ойларға біздің мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері, дінге қарсы дәріскерлер, тарихи-өлкетану мұражайларының қызметкерлері, тарихшы-мұғалімдер халық арасында, әсіресе жастар арасында осы ескерткіштердің ғылыми-танымдық сипатын түсіндіру бойынша қарсы кең насихаттау жұмыстарын жүргізіп, оларды халықтың керемет туындылары ретінде танымал етіп, сәулет ескерткіштерін қаланың, ауылдың көрікті жерлерін экскурсия орындарына айналдыруы тиіс» (Ақышев, Агеева, 1958: 60). Бұл кітапта К. Ақышевтың Отырар оазисіндегі ескерткіштерге арналған бөлімде жоғалған кітапхананың бейнесін және «Отырар апатын» Карл Маркске сілтеме жасау түріндегі бірінші жанама әрекеті қызықтырады. Шыңғыс ханның моңғол жаулап алулары туралы былай деп жазды: «... өнер, бай кітапханалар, керемет ауыл шаруашылығы, сарайлар мен мешіттер - бәрі тозаққа кетті...» (Ақышев, Агеева, 1958: 60).

Осылайша, Орталық Азияның ортағасырлық қалалық мәдениетінің мәдени мұрасын қабылдау үшін білім өндіруде кеңестік ұлттық құрылыстың идеологиялық басымдықтары жағдайында археологиялық зерттеулер басты рөл атқарды.

Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің проблемалануы 1991 жылдан кейінгі ресми қазақстандық нарративте де бар, мысалы, 1995 жылғы «Тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасында» (тәуелсіз Қазақстанның тарихи саясатын баяндайтын басты құжат) біз зерттеп жүрген материалда еуроцентристік нарративтер зерттеп отырған материалды негізге ала отырып, сынға алынды: «Көшпелілер өркениетінің дүниежүзілік тарихтағы рөлін жете бағаламау әлемдік мәдениеттің дамуы тек отырықшы өмір салты мен шаруашылық жүргізумен байланысты болуына әкелді» (Байпақов, 2014: 226-232). Алайда, сол сынға ұшыраған нарратив одан әрі қайталанады: «Қазақстанның қазіргі заманғы аумағы бастапқыда ежелгі көшпелі тайпалардың мал шаруашылығынан егіншілікке көшу процесі жүріп жатқан, отырықшылықтың қалыптасуы, қалалық мәдениеттің дамуы жүзеге асырылып жатқан өңірлердің бірі болғандығы дәлелденді» (Байпақов, 2014: 229) – отарлаудан кейінгі кезеңде проблемаланатын отырықшылық телеологиялық сипатқа ие болады (егіншілікке көшу процесі), тарихи дамудың мақсаты болып

табылады және глорификацияның дәлелі ретінде келтіріледі. Көшпелі мәдениетті отырықшылармен салыстырғанда тарихи прогрестің баспалдағынан төмен деп түсіндіретін баяндаудың мәні мен полемикалық бағыттары осы жерде керісінше болады. Дегенмен, қазіргі Қазақстанның ресми академиялық нарративінде тарихи жадының мәдени мұрасындағы көшпенділер мен отырықшылардың арақатынасы «көшпелі мәдениеттер мен ежелгі өркениеттердің өзара іс-қимылын еңбектің тарихи бөлінуімен және өндіруші шаруашылықтың қалыптасу дәуірінде қалыптасқан әртүрлі шаруашылық-мәдени типтермен анықталған объективті процесс ретінде» қарастыра отырып, қиындық туғызбайды...» (Байпақов, 2014: 27). Қала мен көшпенділердің, отырықшы және көшпелі мәдениеттердің «дала өркениеті» (К. Байпақов енгізген термин) аясындағы өзара тәуелділігін шетелдік зерттеушілер де растап отыр. Мысалы, өзінің «Жоғалған ағартушылық» атты ең танымал кітабында Стивен Старр көшпенділер мен Орта Азия аумағындағы ортағасырлық қалалардың тұрғындары арасындағы қарым-қатынасты «Дала мен қала, бақташылар мен шаруалар, түріктер мен парсылар арасындағы өзара тәуелділік» деп сипаттайды. Уақыт өте келе бұл мәдениетаралық алмасу бірге өмір сүруге айналды» (Старр, 2016: 86). Сонымен қатар, қазақстандық тарихнамада саналы өзара тәуелділік пен өзара тиімді алмасу кезеңдерін ауыстырған қала тұрғындары мен көшпенділер арасындағы қарым-қатынастардағы бейбіт кезеңдер туралы түсінік аз дәрежеде сақталып отыр (Нұрпейісов, 2020: 180-189), (Нұрмаханбетов, 2005).

Бұл, бір қарағанда, парадоксалды нарративті тарихи жадыны виктимизациялаудың бір көрінісіне жатқызуға болады, оның пайда болу себептері мынадай: ортағасырлық қалалық мәдениеттің мәдени мұрасын игеру және есте сақтау қабілетін нығайту шамасына қарай, «біз әрқашан қала тұрғындары болдық» деп, көшпендіге деген көзқарас көшпендіден алшақтауға, оның ішінде, «бізден қалалар болғанын жасырып, материалдық тарихы жоқ мәңгілік көшпенділер екенімізді айтты» деген жаңа виктимді нарративтің көмегімен көшпендіге деген көзқарас дамыды. Қазақстандық қоғамның тарихи жадындағы көшпелілерден гөрі қалалық мәдениет мұрасының басымдылығын 2005 жылы Н. Масанов құрған, және ол қайтыс болғаннан кейін бірнеше жыл ғана жұмыс істеген, Қазақстандағы көшпелілердің мәдени мұрасы мәселелері жөніндегі жалғыз ғылыми-зерттеу институтының тағдыры сияқты мысалдан да байқауға болады. 2011 жылдан кейін институт Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты болып қайта құрылды, ол негізінен ортағасырлық қала мәдениеті ескерткіштерін зерттеу және қалпына келтірумен айналысады (Сағадиев, 2011).

Осылайша, жоғарыда келтірілген тарихнама XX – XXI ғғ. басындағы Қазақстан қоғамының тарихи жадында көшпелі мәдениеттің «тарихтан тыс» мәдени жарақатының болуы проблемасымен қысқаша таныстыруға мүмкіндік береді, оны еңсеру негізінен Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында ежелгі және ортағасырлық қала мәдениетін археологиялық зерттеуге, оған «мәдени мұра» мәртебесін беру мен кейіннен тарих жадында көшпенді және отырықшы-егіншілік дәуірі бейнелерінің қақтығысына байланысты басталған.

**Нәтижелер.** Осы мақала аясында зерттелген мәселелер мен сұрақтарға мыналар жатады: Отырар кітапханасы кескін-келбетінің шежіресі қандай? Оның тарихи естелік орнына айналуы қалай болды? Бұл нарратив/кескіннің танымал болуының себептері қандай және оның қосалқы фольклорлануы қалай жүзеге асты?

Жұмыс барысында біз Отырар кітапханасының орталық бейнесі мен оның бар болғандығы туралы сюжетті қамтитын тарихи жадтың 4 деңгейіне сәйкес келетін 4 өзара тәуелді және өзара өтетін нарративті анықтадық. Бұл нарративтердің жіктелуі бізге белгілі бір дәрежеде шартты болып көрінеді, өйткені олардың барлығы бір-бірімен үздіксіз диалогта, бейнелерді қабыл алып, бірін-бірі анықтап, пайда болады:

- Ғылыми (академиялық) нарратив - ғылыми мақалалар, монографиялар, дереккөздерді зерттеу;
- Жергілікті (фольклорлық) нарратив - бастапқы жергілікті аңыздар;
- Медиалық (public history) – журналистердің, тарих және археология оқытушыларының мақалалары, шығармашылық интеллигенцияның шығармалары және қосалқы фольклор;

- Ресми (мемлекеттік) нарратив – Қазақстан Республикасы тарихи саясатының бағдарламалық құжаттары.

Алғаш рет қазақстандық тарихнаманың ғылыми нарративінде Отырар кітапханасының бейнесі 1961 жылдың мамыр айында ҚазКСР ҒА Жаршысы беттерінде, геология-минералогия ғылымдарының докторы, Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі Ақжан Машановтың мақаласында берілді, ол 1960-70 жылдары жазушы, аудармашы, кейін әл-Машани лақап атын алған, әл-Фараби еңбектерін насихаттаушы ретінде танымал болан. Әл-Фарабиге арналған мақаланың басында автор былай деп жазады: «Отырар қаласы өз заманында ірі мәдениет орталығы болса керек. Атақты Александриядан кейінгі кітапқа ең бай қала осы Отырар деп аңыз қылады екен» (Машанов, 1961: 57). Бұл аңыздардың жазбаша немесе ауызша көздеріне сілтемелер жоқ (мүмкін, Машановтың идеяларында Александриядағы өртенген және Отырардың болжамды кітапханалары арасындағы байланысты толықтыратын тағы бір себеп-салдарлық дәлел – Әл-Фарабидің әлемдік философияға айтарлықтай әсер еткендігі, Александр Македонскийдің ұстазы – Аристотельдің еңбектерін араб және парсы тілдеріне аударғандығы және түсініктеме бергендігі). Бірінші кезекте, 1960-шы жылдары Отырар кітапханасының бейнесін өзектілендіру республикаларда кеңестік ұлт құрылысы жағдайында тарихи субъектілікке ие болу үшін қажетті Орталық Азияның мәдени мұрасын (және оның ежелгі және орта ғасырлардағы символдық фигуралар мен мәдени батырлар сияқты бөлігін) қабылдаумен және игерумен байланысты екені күмән тудырмайды. Әл-Фарабиді ежелгі Қазақстан мен Орта Азияның философы ретінде көрсеткен алғашқы ірі ғылыми жұмыс 1960 жылы С.Н. Григорянның «Орта Азия және Иран философиясының тарихынан» атты еңбегі (Григорян, 1960: 389). Сондай-ақ, бұл басылымда А.В. Сагадеев пен А.И. Рубин аударған әл-Фарабидің кейбір трактаттары жарық көрді. Осыған қарамастан, 1960-шы жылдардағы Қазақстанның шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің естеліктері бойынша, А. Машановтың әл-Фарабиге және оның еңбектерін насихаттауға арналған жұмыстары сол жылдардағы қазақстандық зиялы қауымның тарихи жадына (public history нарративі) едәуір үлкен әсер етті. Кейіннен, 1960 жылдардың екінші жартысынан бастап әл-Фарабидің 1100 жылдығына (1970 ж.) ауқымды дайындық басталды, осының шеңберінде оның трактаттары аударылып, жарияланды, оның шығармашылығын талқылау және осындай символикалық тұлғаны қабылдауға және оны қазақстандық қоғамның тарихи жадының мәдени кейіпкеріне айналдыруға бағытталған басқа да көптеген іс-шаралар өткізілді. Машанов жинаған ортағасырлық Отырар кітапханасы туралы ақпараттың ықтимал бастапқы дереккөзі туралы біз әрі қарай баяндаймыз.

Отырар кітапханасының бейнесімен толықтырылған public history-дің келесі нарративі бір жылдан кейін «Жер, Адамға сиын!» поэмасынан кейін Бүкілодақтық атаққа ие болған Олжас Сүлейменовтің өлеңімен қайта берілді. 1962 жылғы «Жүректі қалай қуантуға болады?» атты өлеңі Отырар трагедиясына арналған – моңғол әскерлерінің қаланы қиратуы және ақынның осы тарихи оқиғадағы орны мен мұрасын түсінуі (Сүлейменов, 2004: 50). Өлеңнің бірінші жартысында лирикалық кейіпкер қоршалған Отырар жағында және оны жоқтаса, екінші жартысында «мен он шаңды ғасыр бұрын кім едім?» деп сұрақ қояды, этникалық тұрғыдан оның ата-бабалары, ең алдымен, өртенген қаланың қабырғаларының арғы жағында болған адамдар екенін түсінеді және үшіншісінде, әлемнің бүкіл тарихын мұра етіп, өзінің далалық шығу тегін мойындай отырып, бірақ этикалықтың этникалық жағынан артықшылығын растай отырып, түбегейлі барлық пікірлерді жариялайды. Бізді бұл өлең қызықтырады, себебі онда Отырар кітапханасының бейнесі пайда болып, «жоғалған ағартушылықтың» қайғылы үніне ие болады (Сүлейменов, 2004: 50).

Отырар оазисіндегі археологиялық ескерткіштердің тарихы бойынша материалдарды жинау және барлау жұмыстарының жекелеген әрекеттері XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүргізілді. 1893 жылы Мамаевка ауылының жанындағы Қарауыл төбе күзет төбесінің басында нумизматтарға белгілі болғандай, Отырарда соғылған қыш құмырада теңгелер көмбесі табылды, бұл жергілікті тұрғындар мен 1895 жылы құрылған Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің мүшелері арасында ортағасырлық қалаға деген қызығушылықты арттырды (Ақышев т.б., 1972: 13), (Kozha т.б., 2021: 898-907).

Отырар оазисі ескерткіштерінің төңірегінде жоғалған қазыналар туралы аңыздар атмосферасын құрудың келесі маңызды триггері Түркістан үйірмесі журналының беттерінде И.Т. Пославский 1898 жылы елді мекенге барған өзінің Отырар-төбе қирандыларында сақталған «жерасты құпия өткелі» және осы жерде қазынаны іздеген қажының тонау қазбалары туралы Меккеде қасиетті кітаптардан оқығаны жайлы жариялауы болды (Кузнецова, 2014: 252). Кейіннен, тек 1969 жылы ғана бұл ақпарат жоққа шығарылды: жерасты құпия қозғалысы қалалық сумен жабдықтау жүйесінің қалдықтары болып шықты (биіктігі 1.6 м – ені 2 м) (Кузнецова, 2014: 252).

Отырар оазисінің ескерткіштерін толық көлемде зерттеу 1969 жылы Қ. Ақышевтің басшылығымен КСРО-дағы ең ірі Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясын құрған кезде басталды. Нәтижесінде Отырар Қазақстан мен Орталық Азия аумағындағы ортағасырлық ең көп зерттелген қала болып шықты. Отырар кітапханасының бейнесі осы жұмыстардың басында, оларды өткізудің негіздемелерінің бірі ретінде пайда болады. 1965 жылы Ақышев Отырарды кешенді археологиялық зерттеудің ғылыми маңыздылығын дәлелдей отырып, Қазақ КСР Ғылым Академиясының Президиумына берген өтінімінде былай деп жазды: «Отырардағы ежелгі қолжазбалардың үлкен коллекциясы туралы жартылай аңызға айналған мәліметтер бар. Олардың саны бірнеше ондаған мың кітапқа жетуі мүмкін» (Бустанов, 2017: 75-76). Дереккөздерге сілтеме (оның ішінде, ауызша жергілікті нарратив) тағы да жоқ.

